



Аймақтарды толық газдандыру жүйелі жүріп жатыр

Ел Үкіметі газ саласын дамытуға тың серпін беріп, жаңа инвестициялар тартуға ниетті. Президенттің елімізді толық газдандыру туралы тапсырмасына сай, бұл салада жүйелі жұмыстар атқарылып жатыр. Премьер-министр Олжас Бектеновтің айтуынша, негізгі мақсат – еліміздің солтүстік және

лады деп күтіледі.

Үкімет бұған қоса, шекаралас елдермен келіссөздер жүргізіп, сырттан газ импорттау мәселесін де назарда ұстап отыр. Бұл – әсіресе Солтүстік және Шығыс Қазақстан облыстары үшін маңызды қадам.

Алайда, газ саласын дамыту тек инфрақұрылым-



шығыс өңірлерін көгілдір отынмен қамтамасыз етіп, халықтың өмір сүру сапасын арттыру.

Бұл бағытта жүзеге асырылып жатқан басты жобалардың бірі – «Сарыарқа» магистральдық газ құбыры. Қазіргі таңда оның екінші, үшінші және төртінші кезеңдерін салу жоспарланып отыр. Газды тұрақты жеткізуді қамтамасыз ету үшін «Бейнеу–Бозой–Шымкент» магистральдық құбырының екінші желісін тарту көзделген. Жаңа желінің қуаты жылына 15 миллиард текше метр. Ал алғашқы кезең аясында үш бірдей компрессорлық стансамен жабдықталатын, 1 450 шақырымға созылатын газ құбыры салынып жатыр. Бұл құрылыс 2026 жылы аяқта-

мен шектелмейді. Олжас Бектеновтің айтуынша, бұл салаға инвестиция тарту үшін баға саясаты да теңгерімді болуы қажет.

«Біздің ішкі нарықтағы газ бағасы әлемдік нарықтан әлдеқайда арзан, сондықтан біз бірқалыпты, бұрмаланбаған жағдай туғызу мақсатында бағаны біртіндеп көтерілуін қадағалайтын боламыз. Сонда газ саласы инвестициялық тартымды болып, дамитын болады», деді Үкімет басшысы.

Жалпы, еліміздің газдандыру саясаты – экономикалық тиімділік пен әлеуметтік маңыздылықты қатар ұстанған ауқымды бағдарлама. Алдағы жылдары оның нақты нәтижесін көруіміз бек мүмкін.

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Республикасының ең жоғары мемлекеттік наградасы – «Devlet Nisani» орденін алу зор мәртебе екенін атап өтіп, Президент Режеп Тайип Ердоғанға және барша түрік халқына шынайы алғысын жеткізді.

– Мен отандық немесе шетелдік орден және басқа да марапаттарды қабылдаудан бас тарттым. Алайда бүгінгі Сіздің шешіміңіздің маңызы ерекше деуге болады. Бұл – қазақ-түрік ынтымақтастығы жылнамасындағы мағынасы терең тарихи оқиға. Сіз осы шешіміңізбен бабаларымыздың аманатына берік екеніңізді



Қасым-Жомарт Тоқаев Түркияның ең жоғары – «Devlet Nisani» орденімен марапатталды

тағы бір мәрте көрсеттіңіз. Бізге асыл мирас болып қалған баға жетпес мұрамыз – достық пен бауырластық байланыстарды бекемдей түстіңіз. Бұл жоғары марапатты түрік елінің барша қазақ халқына көрсеткен ерекше құрметі деп санаймын. Осы игі бастама – тамыры бір, діні мен ділі ортақ халықтарымыз арасындағы мызғымас достықтың айқын белгісі, қастерлі құндылықтарымызды дәріптейтін маңызды қадам. Сондай-ақ бұл – қазақ-түрік стратегиялық ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға деген өзара ымытыстың айғағы, – деді Мемлекет басшысы.

Президент әріптесі Режеп Тайип Ердоғанды әлемдік

деңгейдегі көреген, ықпалды, аса көрнекті саясаткер, өңірлік және жаһандық тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға өлшеусіз үлес қосып отырған тарихи тұлға деп атады.

– Парасатты саясатыңыз бен ел мүддесін ілгерілету жолындағы табанды әрі қажырлы еңбегіңіздің арқасында осындай абырой биігіне шықтыңыз. Түркияның бүкіл дүниежүзіндегі беделі ешкімнің күмәнін тудырмайды. Сіздің басшылығыңызбен Түркияның қол жеткізген табыстары әлемнің әрбір түкпірінде мойындалатын болды. Түркияның әлем мойындаған жетістіктері, қарқынды дамуы, халықаралық қауымдастықтағы биік

беделі мен зор ықпалы Сіздің атыңызбен тікелей байланысты. Бүгінде еліңіз экономикалық дамуы бойынша әлемнің жетекші 20 мемлекетінің қатарында. Сарапшылардың болжамы бойынша Түркияның болашағы – жарқын, ал дүниежүзіндегі ықпалы арта бермек. Сіздің көшбасшылығыңызбен тұғыры биік Түркия өзінің жаңа алтын дәуірінде биік белестерді бағындыра беретініне кәміл сенемін. Біз Түркияның Қазақстанның Тәуелсіздігін таңыған алғашқы мемлекет болғанын еш уақытта ұмытпаймыз. Бұл егемен Қазақ елінің жылнамасында сақталатын өшпес тарихи дерек, – деді Президент.

Черногориядағы Абай орталығы



Черногорияның Ұлттық кітапханасында (Подгорица) қазақтың ұлы ақыны, философ, ағартушы Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай Абай орталығы салтанатты түрде ашылды.

Іс-шара Қазақстан Респуб-

ликасының Сыртқы істер министрлігі мен Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен ұйымдастырылды. Алқалы жиын Абай шығармашылығын халықаралық деңгейде насихаттау мақсатын көздейді.

Абай орталығының ашылу

салтанатына Черногорияның Қазақстан, Аустрия, Германия, Словакия, Испания, Италия, Мажарстан, Болгария, Түркия және Греция елшіліктерінің дипломатиялық өкілдері, зиялы қауым өкілдері, қоғам белсенділері қатысты.

Абай орталығына жүзден аса құжат табыс етілді. Олардың ішінде қазақ, орыс, ағылшын, қытай, т.б. көптеген тілге аударылған ақынның шығармалары, қарасөздері, абайтану кітаптары, өмір жолы мен шығармашылығына қатысты құнды деректер, сонымен қатар қазақ жазушылары Әбіш Кекілбайұлы, Кемел Тоқаев, Таласбек Әсемқұлов сынды ұлт зиялыларының кітаптары бар. Бұл құжаттар Ұлттық академиялық кітапхана мен Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығынан алынды.

Қазақстанда тағы бір кәсіби мереке пайда болуы мүмкін

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Асқар Бидахметов үкімет отырсынан кейін өткен брифингте елімізде тағы бір кәсіби мереке бекітілуі мүмкін екенін айтты.

Бұған дейін премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаев үкіметке азаматтар мен кәсіби қауымдастықтардан белгілі бір күндерді мемлекеттік немесе кәсіби мереке-лер деп тану туралы өтініштер көптеп түсетінін мәлімдеген еді. Осыған байланысты БАҚ өкілдері еңбек министрлігі өкілінен ресми түрде Энергетик күні бекітілуі мүмкін бе екенін сұрады.

– Бүгінде Энергетик күні бойынша мәселе бұйрықты бекітуге келіп тіреліп тұр. Жоба әділет министрлігінде. Егер жақын арада келіссек, күнін 22 желтоқсанға бекітеміз, – деді вице-министр.



жан Қалмаханқызы, Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының инспекторы, қатардағы полицей Алиев Беркін. Аталған топтың аға инспекторы, полиция аға лейтенанты Жұматова Жанерке.

Азаматтар өз өтініштері мен сұрақтарын қойып, құқықтық және психологиялық көмек алды. Сонымен қатар, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың салдары мен алдын алу жолдары түсіндірілді, ақпараттық материал-

“Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол жоқ”

Созақ ауданында “Жолда қабылдау” акциясы аясында отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында азаматтарды қабылдау және ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Іс-шара мақсаты-тұрмыстық құқықбұзушылықтар-

дың алдын алу, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау, қоғамдағы құқықтық сауаттылықты арттыру. Қабылдау өткізген мамандар: Созақ АПБ ЖПҚБ Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі инспекторы, полиция майоры Манапова Ай-

дар таратылды.

Мұндай қабылдаулар халық пен полиция арасындағы ашық диалогты дамытып, зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Бірге болсақ-зорлық-зомбылықсыз қоғам құрамыз!

Жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар таныстырылды

Созақ аудандық “Жастар ресурстық” орталығы КММ-нің ұйымдастыруымен жастарға арналған маңызды іс-шара өтті. Шара барысында мемлекеттік қолдау бағдарламалары бойынша үгіт-насихат қағаздары таратылып, әрбір жастың мүмкіндігі мен құқығы кеңінен түсіндірілді.

Мақсат-жастардың мемлекеттік бағдарламаларға қатысуын арттыру, белсенділігін күшейту және болашаққа деген сенімін нығайту.

Таратылған материалдарда келесі бағыттар қамтылды:

- “Жастар практикасы”
 - “Дипломмен – ауылға!”
 - “Бастау бизнес”
 - Тұрғын үй және жұмыспен қамту бағдарламалары
- Іс-шараға қатысқан жас-



тар өздерін қызықтырған сұрақтарға нақты жауап алып, пайдалы ақпараттармен бөлісті.

Осындай іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады!

ӘР САЛАДА АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН ЖҰМЫСТАР ТАЛҚЫЛАНДЫ



Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен кезекті аппараттық мәжіліс өтті. Жиынға аудан әкімінің орынбасарлары, бөлім мен мекеме басшылары, сондай-ақ ауылдық округтер мен кент әкімдері қатысты.

Күн тәртібіндегі басты мәселе – 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында ауданның әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы бойынша экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ербол Айдарбеков баяндама жасады. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлік саласындағы атқарылған жұмыстар туралы аталған бөлім басшысы Бекзат Мыңжасаров хабарлады.

Жиын барысында аудан басшысы әрбір салаға жеке-жеке тоқталып, жұмыс барысында кемшілікке жол берген бірқатар басшылардың жұмысын сынға алды. Әсіресе бірқатар ауылдық округ әкімдерінің жұмысындағы олқылықтарға қатаң ескерту жасалды.

«Әрбір жобаға мұқият қарап, іске асқан жобаның сапасына ерекше көңіл бөлуді талап етемін. Сапасыз әрі нәтижесіз жұмыстарға жол берілмейді», – деді аудан басшысы.

Аппараттық мәжіліс қорытындысында аудан басшысы алдағы уақытта көрсеткіштерді арттыру, бюджет қаражатын тиімді пайдалану және сапалы жобаларды жүзеге асыру бағытында нақты тапсырмалар жүктеді.

АУДАНДАҒЫ ІШКІ ЖОЛДАРДЫ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Созақ ауылдық округіне қарасты Ыбырай елді мекенінде болып, жаңадан төселген асфальт жабындысының сапасын тексерді. Биылғы жылы Ыбырай

астам Құрманғазы және Мәтенбаев көшелері мен Көктөбе елді мекеніне кіреберіс жол асфальтталады. Бұдан бөлек, ұзындығы 7,1 шақырымды құрайтын Рысбек, Ауезов, атауы жоқ №10



елді мекенінде жалпы ұзындығы 2,557 шақырымды құрайтын атауы жоқ №1 және №2 көшелеріне асфальт төселді. Сонымен қатар, ұзындығы 2,2 шақырым болатын атауы жоқ №3 көшесіне ағымдағы жөндеу (қиыршық тас төсеу) жұмыстары жүргізілмек.

Айта кетейік, осы жылы Созақ ауылында да жалпы ұзындығы 2 шақырымнан

және Полигон бағытындағы көшелерге қиыршық тас төсеу жұмыстары жүруде.

Аудан басшысы атқарылған жұмыстардың сапасына баса назар аударып, жауаптыларға жөндеу жұмыстарын мерзімінде әрі сапалы аяқтауды тапсырды.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

ТҮНГІ РЕЙД



кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдерге темекі бұйымдары мен спирттік ішімдік сататын кәсіпкерлік нысандарға тосқауыл қою мақсатында, Созақ аудандық “Жастар ресурстық орталығы” КММ және полиция бөлімі бірлесіп, жасөспірімдер арасында болатын құқықбұзушылықтар мен кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты қылмыстың алдын алуға және болдырмауға, олардың қоғамдық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шара аудан көлемінде бекітілген кестеге сәйкес жалғасатынын хабарлаймыз!

Құрметті ата-ана! Өз балаңыздың өміріне өзіңіз жауапты екеніңізді ұмытпаңыз! Сондықтан әрбір ата-ананың назарына кәмелет жасына жетпеген балаларын қараусыз қалдырмауды, бала тәрбиесімен тұрақты айналысу қажет екендігін ескертеміз!

Жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылықтардың алдын алу, беймезгіл уақытта ата-ана бақылаусыз үйжайынан тыс жерлерде компьютерлік ойынханалар мен мейрамханада болуларына тыйым салу,

«Созақ үні» - ақпарат.

Қазақстан Республикасының Конституциясы-Ата заңымызда мемлекеттік тіліміздің мәртебесі лайықты көрсетілген. Тіл - тіршіліктің бастауы. Тіл - қастерлі де қасиетті ұғым. Ол әрбір адамға анасындай қымбат, өйткені өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуге басты себепкер-ана тілі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ

қа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Біз өзгенің қателігінен сабақ алуымыз керек. Ол сабақтың түйіні біреу ғана-Мәңгілік ел болу. Бұл біздің өз қолымызда» деп атап көрсеткен. Жолдауда айтылған осы сөздер әрбір саналы азаматтың жанын тербері сөзсіз.

Ел мен Тіл-егіз ұғым. «Мәңгілік» сөзі бабалардан

ағашына» айналғалы қашан! Ол ағаштың бұтағына ұя салған 150-ге тарта ұлт пен ұлыстың өз тілінде сайрап, өз ұлтының мәдениеті мен әдебиетін, өз әдет-ғұрпын сақтап, өзара ұлтаралық келісім мен жарасымын тапқан, ынтымағы жарасқан ел болуы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың сындарлы саясатының арқасы бол-

Айбынымызды асырған Ата заңымызға-30 жыл

Қазіргі таңда бейбітшіліктің символындай болған Қазақстан еліміз тәуелсіздігін жариялаған күні-ақ өзін әлемге-демократиялы, құқықтық және зайырлы мемлекет ретінде танытты. Бауырына сан түрлі тағдырлы баршаның баласын басқан киелі жұртымыздағы ынтымақтың басты ұйытқысы-Ата заң. Ата заң бұл біздің азаттығымызды, егеменді

бесі мен жарқын болашаққа деген сенімді жинақтаған Негізгі заң қажет болды. Тәуелсіз Қазақстанның Конституциясы ашық және демократиялық қоғам орнатуының негізгі ұстанымдарын баянды етуге тиіс болатын».

Міне, сол сарабдал саясаттың арқасында тәуелсіздік жылдарындағы экономикалық және әлеуметтік саладағы дамуға бағытталған

Мәңгілік елдің-мәңгілік тілі

тілін құрметтеу, оны білу-біздің әрқайсымыздың асыл парызымыз. «Ана тіліне салғырт қарау-өз халқының өткеніне, бүгініне, болашағына немқұрайлы қарау» деген пікірді Бауыржан Момышұлы өткен ғасырда-ақ айтып кеткен. Мемлекеттік тілдің қолдану аясын барған сайын кеңейтіп, оны шын мәнінде қоғамдық қарым-қатынас тілі ету бүгінгі күннің талабы екені баршамызға мәлім.

Президент Жолдауында: «Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі, оны ұстап тұру әлдеқайда қиын. Бұл - әлем кеңістігіндегі ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жақ-

мирас болып келе жатқан мәңгілік өлмейтін асыл қазынамыздың бірі-ана тілімен де тығыз байланысты. Олай болса, Мәңгілік елдің онымен қатар жасап, бірге дамытын Мәңгілік тілі болуы шарт. Президент өз Жолдауында мемлекеттік тіл саласында жеткен жетістіктерімізге тоқтала келіп, «Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болады. Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн» деп ой түйді.

Бұл күндері Қазақстан-көпұлтты, тату-тәтті, біртұтас мемлекет ретінде жұмыр жердің бетінде тамырын тереңге жайған алып «Өмір

са, бейбіт те тыныш «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» бақытты тіршілік құруы-сабырлы да салмақты, кең пейіл қазақ халқының өмірлік ұстанымының арқасы.

Қазіргі қазақстандықтар үшін үш тілді білу-өмір талабы. Өзі өмір сүріп отырған елдің мемлекеттік тілін білу-парыз. Сондықтан Мемлекет басшысы «Қазақ тілі-Мәңгілік Елдің Мәңгілік тілі болады» деген сөзінің шындыққа айналарына сенемін.

**Зульфия
АБДУГАППАРОВА,
Әлішер Науайы атындағы жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**



Ел ертеңін еңбекпен жасағандар



Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды "Жұмысшы мамандықтарының жылы" деп жариялау-елдегі еңбек адамының мәртебесін арттыруға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Бұл жыл еңбекқор жандардың еңбегін дәріптеп, олардың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесін мойындау мақсатында белгіленді десек қате айтпаған болар едік.

Еңбек-қоғамның негізгі тірегі. Инженер, дәрігер, мұғалім немесе ауыл шаруашылығының маманы болсын, олардың күнделікті қажырлы жұмысы елдің тұрақтылығы мен өркендеуінің кепілі. Жұмысшы мамандықтар жылы аясында бұл адамдардың еңбегін бағалау мен жағдайын жақсарту ерекше назарда болады.

2025 жылы төмендегідей шаралар жүзеге асырылмақ: Еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталған жаңа бағдарламалар енгізу. Жалақыны көтеру және әділ еңбекақы жүйесін қалыптастыру. Біліктілікті арттыру курстары мен қайта даярлау орталықтарын ашу. Жас мамандарды қолдау үшін еңбек нарығындағы жаңа мүмкіндіктер жасау осының барлығы жұмыс істеймін деген адамға зор мүмкіндік деп айта аламыз. Қоғамның әртүрлі саласында - өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, білім беру мен денсаулық сақтау жүйесінде ерең еңбек ететін жұмысшылар елдің дамуының негізгі тірегі болып саналады. Жұмысшылар жылы олардың маңызын мойындап, еңбектерін дәріптеуді көздейтін жыл. Бұл бастама жұмысшылардың еңбек жағдайын жақсартуға, әділ еңбекақы төлеу-

ге, қауіпсіздік стандарттарын қамтамасыз етуге және еңбек құқықтарын қорғауға бағытына мүмкіндік береді. Технология мен цифрландырудың қарқынды дамуы жаңа кәсіби дағдылар мен білімді талап етеді. "Жұмысшылар жылы" аясында біліктілікті арттыру және қайта даярлау бағдарламаларына басымдық берілетіні анық. Еңбек адамының ролін қоғамда дәріптеу - жастарды еңбекқорлыққа баулу, кәсіби мамандықтарға қызығушылықты арттыру және жұмысшы мамандықтарын заманауи, беделді кәсіптерге айналдыру мақсатында маңызды маңызды рол атқарады. Жұмысшылар жылы ел экономикасының дамуына тікелей әсер ететін салаларды қолдауға бағытталған. Мақсат - жұмыс орындарын көбейту, шағын және орта бизнесті дамыту, индустрияландыруды жеделдету болып табылады. Жұмысшылар-экономика мен қоғамның тірегі. Зауыттағы жұмысшыдан бастап, мұғалім, дәрігер сияқты мамандардың еңбегі елдің тұрақты дамуын қамтамасыз етеді. "Жұмысшылар жылы" еңбек адамының маңыздылығын айқындау үшін жарияланды. Бұл жыл аясында мемлекет жұмысшылардың жағдайын жақсарту үшін бірқатар реформалар мен бастамаларды іске асыруды жоспарлауда. Бұл жыл еңбек жағдайын жақсарту, әділ еңбекақы төлеу, зейнетақы мен әлеуметтік жеңілдіктерді арттыру үшін шаралар қабылдауға мүмкіндік беретін жыл. Халқымызда «Жұмыстың көзін тапқан байлықтың өзін табады» деген сөз бар. Кәсібіне адал әрі жауапкершілікпен қараған адам қашанда лайықты бағасын алады. Бұл түсінікті қоғам санасына сіңіру қажет. Азаматтарға құрметті атақ берудегі түпкі мақсатымыз да-осы. Бұған дейін мұғалімдерге, дәрігерлерге және мәдениет қайраткерлеріне осындай атақтар беріле бастады. Бұл - өте жақсы бастама, оның аясын кеңейту керек-деді Тоқаев.

2025 жыл-Жұмысшы мамандықтар жылы-бұл еңбек адамдарының даңқын асқақтатуға, олардың өмір сүру сапасын жақсартуға және қоғамдағы беделін көтеруге арналған маңызды мүмкіндіктердің бірі. Әрбір еңбек адамы ел дамуының басты тірегі екенін ұмытпайық.

**Еркебұлан ДАЙРАБАЙ,
Аудандық орталық кітапхананың
библиографы.**

ел екенімізді көрсететін басты құжат. Елімізде жасайтын ұлттар мен ұлыстардың асқақ айбыны, арқа сүйер алтын арқауы. Иә, бүгінгі күн егемен елімізде жасап жатқан 130 астам ұлттар мен ұлыстарды, түрлі дін ұстанушыларын айрандай ұйытып отырған бұл ата заңымыздың тамыры әріде жатыр. Ол дүйім қазақтың мақтанышы Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» деп аталатын ұлы дала заңының негізінде жасалған. Асылында, кез- келген ұлт, мемлекет өзінің тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарын осы негізгі құжат- конституция арқылы айқындайды. Сондай- ақ, бұл құжатта мемлекеттің барлық құрылымдарының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсаттары, міндеттері, құқықтары көрсетіледі.

Егер тәуелсіздігімізді алған жылдар тарихына үңілсек, алғаш 1995 жылдың 30 тамызында қазіргі Атазаңымыз қабылданып, қолданысқа енген болатын. Содан араға тура екі жыл салып тағы да толыға түсті. Сөйткен конституциямызға биыл 30 жыл толып отыр. 1995 жылы туған бала 30 ға келді, ер азамат болды. Сол секілді ата заңымыз да 30 жылдан бері тәуелсіз елімізге қызмет етіп келеді.

Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің «Қазақстан жолы» атты кітабында тәуелсіздікке ие болған Қазақстанның ең басты қадамы Конституцияны қабылдаумен байланысты екенін былай деп атап көрсетті:

«Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін бізге бүгінгі өмір шындығымен және алдағы уақытпен бірге қадам басып, өткен ұрпақтың іс- тәжіри-

реформалардың барлығының жемісті нәтижесін біз бүгін көріп, сезініп отырмыз. Сондай- ақ, бүгінгі дін саласындағы оң өзгерістерді де Ата заңымызбен байланыстырамыз. Себебі, Ата заң бойынша демократиялық қоғамның бір талабы ретінде әрбір Қазақстан азаматына наным- сенім еркіндігі берілген. Ендеше, еліміз үшін қастерлі боп табылатын Ата заң қабылданған күнді айрықша мереке етіп атап өту және заңдарымызды құрметтеу әрбіріміздің қасиетті борышымыз.

Тұңғыш Президент қадап айтқандай: «конституцияны қатаң ұстану-бұл мемлекеттіліктің табысты дамуының және қоғамдағы азаматтық келісімнің негізі. Ол бойынша өмір сүру- бұл демократияның ең жоғарғы мектебі. Бұл мектептен барлығымыз өтуге тиіспіз. Біздің міндет- конституцияға аса ұқыптылықпен қарау. Өзіміздің елімізді, өзіміздің тарихымызды, өзіміздің жетістіктерімізді қалай құрметтесек, оны да солай аялауымыз керек. Атазаңымызды сылай білмесек, оның талаптарын мүлтіксіз орныдай алмасақ, онда қоғамдық келісімге, тәртіпке, бейбітшілік пен тыныштыққа жету мүмкін болмайды, яғни мұндай жағдайда Отанның ырыс- берекелі болашағы туралы айтудың да қажеті жоқ».

Оқыған адамға, әрбір өзін қазақ, қазақстандық сезінетін азаматқа кәдімгідей ой салып, патриоттығыңды оятатын жүрекжарды сөздер. Ендеше, сол бір кездері өзі кепілдік беріп келген конституциямыз, Ата Заңымыз жайлы басқа не айта алармыз. Тек тілегім, осы бір дұрыс өмір сүруімізге кепілдік беретін еліміздің басты құжаты өміршең болсыншы!

Данияр БЕК.

2012 жылы 12 қаңтарда сол уақыттағы Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Елшілігінің Бірінші хатшысы, Қазақстанның Құрметті журналисі, филология ғылымдарының докторы Байменше Серікқали ағамыздың «Кедейдің Кенжеғалиы» атты дерекке толы мақаласы көзіме оттай басылды. Мақалада негізінен Кенжеғали мұрасын көп зерттеген белгілі қаламгер Ғалым Ахметовтің жазған деректерін келтірген. Сол деректерде Кенжеғалидың Созақ ауданында газет басқарғанын да айта кетеді. Араға 90 жыл салып біз бүгін сол уақыттағы газетті басқарған Кенжеғали ағамыз туралы дерекке қолымыз жетіп отыр. «Адамның басы, Алланың добы» демекші, сонау Орынбор өңірінде туылып, дәм-тұзы қиырдағы Созақтан бұйырған Кенжеғали ағамыздың өмір жолы сан тарау сұраққа толы. Бұл өңірге қалай келді? Не үшін келді? Одан кейінгі тағдыры қалай болды?

Ең бірінші кезекте, 1930 жылғы Созақ көтерілісіне байланысты ау-

рында «Ахмет, Міржақып, Елдес Омаров, Телжан Шонанов, Әзім Қадырбаев, Мәжит Шомбалов, Мұхтар Мұрзин, Молдағали Жолдыбаев, Кенжеғали Ғабдуллин, Жұмабай Оразалин және басқалар дәріс оқыды» деп жазды ол. Ғалым Ахмедовтың естелігіне сілтеме жасай отырып, алғаш рет К.Ғабдуллин шығармашылығы туралы сөз қозғаған белгілі ғалым Қабіболла Сыдиықов оның өмірі туралы деректердің өте аз екендігіне назар аударды. Кенжеғали 1896 жылы сол кездегі Орынбор облысының Қуандық ауданына қарайтын Әлімбет ауылында дүниеге келген. Әлімбеттің Ақтөбе қаласынан екі жүз шақырымдай жерде, Қандағаш-Жаманқала (Орск) теміржолының бойына орналасқаны белгілі. Бұрын Ленин ауданындағы партияның XVIII съезі атындағы кеңшардың орталығы болса, бүгінде селолық округтің орталығы. Әлімбет-Жаманқалаға (Орскіге) таяу, Ресей шекарасына жақын орналасқан ауыл. «Қарғалы» кеден бекетінің ав-



зор екендігін жан қайғысы ретінде ұсына отырып, түбінде айтқан сөзінің далаға кетпейтініне, елдің осыны түсініп алға қарай ұмтылатынына, болашағын ойлап, білім-ғылым білсе «әмме ағзасын» алтынмен бояғандай боларына үміт артады. Бұл ойларын «Елім» (1915) атты өлеңінде:

Сен өссең,

Күнде жасап, өсем, елім.

Су сепкен оттай өшсең,

Өшем, елім,-деп әрі қарай жал-

ғап, қалың қазақ елінің замананың дауылынан аман-есен қалуын тілейді.

«Айқаптың» жай оқырманы дәрежесінде ғана қалмай, төл тума еңбектерінің басылым беттерінен көрінуі Кенжеғалидың таным-түсінігінің, білім өрісінің, шығармашылық қабілетінің деңгейін байыптауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге қаламгерлік мұраты журнал шығарушылармен (М.Сералин, С.Торайғыров, Ә.Ғалимов) де, бір мақсат топтастырған авторлар қауымымен (Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, т.б.) де қаншалықты ұштасып жатқанын аңғартады.

Аудандық газетті басқарған КЕНЖЕҒАЛИ АБДУЛЛИН

дан жұртшылығының жаппай көтеріліске шығуы халықтың саяси дүниелерден хабары болмауы, саяси сауатының жоқтығынан деген желеумен жергілікті халыққа қызыл өкіметтің саяси қызметін наихаттау мақсатында қызыл өкіметтің арнайы жіберген саяси қызметшісі болуы керек. Екінші тұрғыда Кенжеғали Абдуллиннің өзі саяси тұрғыдан қуғын-сүргін құрбаны ретінде жер аударылып келген болуы керек. Өйткені соңғы қызмет атқарған жылдары осы Созақ ауданында болған.

Серікқали ағамыз айтпақшы «XX ғасырда, Қазан төңкерісіне дейін екі өлеңдер жинағын шығарған қазақ ақыны көп болған жоқ. Тек саусақпен санарлықтай болды». Оларды тіпті халық толықтай танып-білуге үлгермей қалды. Және олар біршама қауым болды. Оларды таныту бүгінгі ғалым-зерттеуші ұрпақтың басты міндеті болуы керек. Автор өз мақаласында айшықты, деректі мысалдарды алға тарта отырып, Кенжеғали ағамыздың өмір сапарын барын ашып көрсетуге ұмтылғаны көрініп тұр.

«XX ғасырдағы ұлт әдебиетінің шежіресінде өзіндік орнын ойып тұрып қалдырған Кенжеғали Абдуллин (Ғабдуллин) есімді қазақ қаламгері бар екенін біле бастадық. Шығармашылық өмір-ғұмыры XX ғасырдың жиырмасыншы-отызыншы жылдарымен шектелетін бұл ақынның шығармаларын зерттеу, еңбектерін қайта жариялау шын мәнінде қолға алынған жоқ», - деген сөзінің жаны бар..

Кенжеғалиды ұдайы еске салып, ол жөнінде көбірек айтқан, жұртшылық назарын аударуға тырысқан белгілі жазушы Ғалым Ахмедов ғана болды. 20-жылдары Орынборда ашылған оқу орында-

төкелік өткелі осы жер атауына қарай «Әлімбет» деп аталады. Көршілес Орынбор облысының Қуандық өңірінде Әлімбет өзені бар. Қазақ қаламгерлерінің бөгде есім ретінде көп жағдайда туған жерінің атауын, арғы атасының есімін, шыққан руын пайдаланған

пағанның өзінде, 1912-1914 жылдары Қазан қаласының баспахана-ларынан «Ислам негізі» атты аударма еңбегін, «Қазақ балаларына жәрдем» деген қазақша әліппені, «Өнеге яки нәмуне» деп аталатын дауыстап оқуға арналған оқу құралын жеке кітап етіп шығаруы сөзсіз назар аударуға тұрады. Бұл

Кенжеғали «Қазақ» газетінің де шынайы оқырманы болған және хабар-ошарлар жазып тұрған. «Учител Һәм мұғалімдерге» (1917) деген мақаласында ел ішіндегі оқу-білім жайын қозғайды, оқытушылардың бас қосып, пікір алысуы қажеттігін сөз етеді. Сондай-ақ кезінде осы газет көтерген адамның аты-жөні орысша жазылғанда қосылып жүрген «ов» пен «ова» туралы пікір сайыста (1915) Кенжеғалиды бейтарап қалдырмапты.

«Қазақтың қамы», «Ұран» аталатын екі кітабы К.Ғабдуллиннің өз өлеңдерінің жинағы» дейді зерттеуші Қ.Сыдиықов. Бұлар- 1912 және 1914 жылдары Қазан қаласындағы Каримовтар баспаханасында басылған, жалпы көлемі жетпіс беттей болатын, отыздан астам өлең-жырын топтастырған жинақтар. Осы уақытқа дейін қайта жарияланым көрмеген, бүгінгі оқырман үшін мазмұн-мағынасы мүлде белгісіз туындылар. Кенжеғали Ғабдуллин жиырмасыншы жылдардың орта шенінен бастап өз еңбектеріне «К.Абдуллин», «К.Абдолдаұлы» деп қол қоя бастаған. Мұның әртүрлі себебі болуы мүмкін. Бірақ ең басты себеп-20-жылдары А.Мартыненко құрастырып шығарған «Алашорда» атты құжаттар жинағында есімінің аталуы деп ойлаймыз. Талайдың тағдырын шешкен осы жинақтың кезінде бір туар азаматтардың өмір-ғұмырына елеулі әсер еткені айтылып та, жазылып та жүр. Кенжеғалиға қатысты да осыны айтуға болады.

Жинақта жазылғанға сенсек, Жаһанша Досмұхамедов басқарған Алашорда үкіметінің жігіттері генерал Толстовтың отрядымен бірге большевиктерге бүйрегі бұратындарды қатаң жазалайды.



тарихи тәжірибесін ескеретін болса, Кенжеғалидың «әл-Әлімбети», «Әлімбетов», «Кенжеғали бин Ғабдолла», «Серғали әл-Әлімбети» деген бүркеншік аттарды тегін қолданбағаны аңғарылады. Әуелі ауыл молдасынан сауатын ашқан Кенжеғали кейін Қазан қаласындағы жаңа әдіспен оқытатын «Мұхаммадия» медресесінен білім алып, оқытушы болып шығады. Ел ішінде бала оқытумен айналысады. Мұның дәлелі боларлық деректі профессор Тұрсынбек Кәкішевтің «Садақ» атты роман-эссесінен табуға болады.

Бала оқытуды өмірінің басты ісіне айналдырған Кенжеғали жазу-сызумен айналысуды да ерте қолға алған. Ауыл мектебінде жүріп шәкірттер күшімен газет шығаруға деген талпынысын айт-

-қазақ тіліндегі алғашқы оқулық үлгілері.

Кенжеғалидың әдебиет тарихындағы орнын айқындайтын өлшем-оның 1917 жылғы төңкеріске дейін екі өлеңдер жинағын шығаруы. Бұлар «Қазақтың қамы» (1913) және «Ұран» (1914) деп аталған. Бұларға қосымша, XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімдік басылымдарға төл шығармаларымен қатысып тұрғанын дәлелдейтін фактілер де аз емес. «Айқап» журналына «Газет-журналдар туралы» деген шағын хабары, екі өлеңі жарияланыпты. Мысалы, «Қайғым Һәм үмітім» (1914) деп аталған өлеңінде ақын өз сөзінің халыққа өтпей-жетпей жатқанына өкініш білдіреді, өзінің шын ойын жұрттың әлі сезіп болмағанын, ел дертіне шипа тапсам деген үміті

Торғайдағы кеңес өкіметі жойылып, бұрынғы қалалық және жергілікті өзін-өзі басқару қалпына келтіріледі және ендігі билік Ресейдің адмирал Колчак басқаратын уақытша үкіметіне беріледі. Сондай-ақ олар Таран отрядын қарусыздандырып, қырып-жояды. Осы оқиғалар Орынбордағы дербес армия штабына хабарланады. Бұл туралы «Алашорда» жинағында «Для сообщения о событиях, разоружения и уничтожения отряда был для связи со штабом отдельной Оренбургской армии командирован их представитель, некий Габдуллин Кенжеғали, который явился в штаб армии 11 мая 1919 г.» Егер осы байланысшыны біз сөз етіп отырған Кенжеғали дейтін болсақ, бұл оның 1918-

жылының бәрі бір адам екендігі Ғалым Ахмедов қалдырып кеткен деректермен толық сәйкес келеді. 1917 жылғы қос төңкерістен кейін Кенжеғали өлеңдері көп жарияланбаған. Бұл кездері ол негізінен педагогикалық әрі журналистік қызметпен айналысқан. Байтұрсынұлы Ахмет, Шонахұлы Телжан шығарған «Оқу құралы» (Қызылорда, 1927 ж.) атты хрестоматиялық үлгідегі кітапта «Абдоллаұлы Кенжеғалидың» «Жас ұлан» деген өлеңі кездеседі. Кенжеғали 1925 жылы Ақтөбенің «Кедей» газетіне ауысыпты, бұл астананың Орынбордан Қызылорда қаласына көшуіне байланысты болса керек. «Кедей» газетінде істей жүріп, Құдайберген Жұбанов, Жиенғали Тілепбергенов, Шақ Үдербаевтар-

«Оңтүстік Қазақстан» газетінде жұмыс істепті («1936 жылы Шымкентте көрдім. Облыстық газетте жұмыс істейді екен. Созақ аудандық газетте де істеді ғой деймін...» дейді Ғ.Ахмедов). Оның бұл жылдары Ақтөбеден Шымкентке келуінің сыры бізге белгісіз. «Кедей» газеті екіге бөлінген соң, жоғары ұйымдар қаламы қалыптасқан журналисті істе пайдалану үшін сонда жіберген болуы мүмкін. Әлде өз тілегімен келді ме?

«Оңтүстік Қазақстан» газетіне 1932 жылғы 9 сәуірдегі нөмірінен бастап жауапты редактор ретінде Бейсембай Кенжебаев қол қойған. Бейсекең келгенде, Кенжеғали осы газетте жұмыс істеп жүрген сияқты. Өйткені басылым беттерінен Кенжеғалидың бірер мақалала-

наулы нөміріндегі «Болғанда мен тоқсанда, ол сексенде...» деген бас тақырыппен берілген сұхбатта (Егемен Қазақстан, 1999, 17 желтоқсан) жазушы Ғалым Ахмедов ағамыз тағы да ағынан жарыла сөз қозғайды: «Айтқандайын,-дейді ол,-20-жылдары газетте қызмет істеген Кенжеғали Абдуллин деген ақын жігіттің жақсы аты шығып жүретін. Ұмыттым ғой, әйтпесе өлеңдері қуатты әрі әсерлі болатын. Қазанда «Ғалия» медресесін бітірген ақын төрт өлең кітабы мен әліппе тәрізді оқулығын қазан төңкерісіне дейін-ақ жазған деуші еді...». Ал Сәкен Сейфуллин мен Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығына арналған «Сайыс» атты кітабында профессор Тұрсынбек Кәкішев Кенжеғалиды «мағжаншыл» ақын ретінде атап өткен. Ғалымның бұл пікірі Кенжеғали туралы әңгіменің жаңа бір арнасын ұсынады. Яғни, қаламы жүйрік ақынның 30-жылдардағы поэзия майданындағы бәсең қимылы, тіпті кейінгі тағдыры Мағжан Жұмабаевтың басына түскен нәубетпен тікелей байланысты өрбігенін аңғартады.

Кеңес заманында атын атау мүмкін болмай, іздеушісіз қалған Кенжеғалидың есімін жаңғыртуға, сөз мұрасын мұқият зерттеп, әдебиет тарихындағы өзіне лайық орнын айқындауға, шығармашылығын ел арасында кеңінен насихаттауға жұмыс жасалса нұр үстіне нұр қыйғандай пайдалы болар еді. Серікғали ағамыз бастап, ақтөбелік зиялы қауым өкілдері қостап Кенжеғали ақынның ХХ ғасыр басында арабша әліппен жарық көрген «Ұран», «Қазақтың қамы» деп аталатын өлең жинақтарын осы күнгі қазақша қаріпке түсіруге талаптанып жүрген жайы бар. Жерке мұрағаттарда жерлес қаламгердің фотосуреті де бар болып шықты. Біз мақаланы қолымызға алып парақтап отырғанда кеудемізді қуаныш кернеді. Осындай алашшыл алып тұлғаның Созақ аудандық газетін басқаруы үлкен жаңалық, алдағы уақытта молынан зерттеу жұмыстарын жүргізуімізге де зор септігі тимек. Жоғары оқу орындарында білім алып жатқан болашақ журналистер мен мектеп қабырғасында жүрген ғылымға бейім оқушылар осы Кенжеғали Абдуллиннің өмірі мен шығармашылығы туралы ғылыми жобалары мен диплом жұмыстарын қорғаса қандай керемет болар еді.

Сондай-ақ, Кенжеғалидың ұлттық мерзімдік басылымдарда шашырап жатқан басқа да еңбектерін жинақтап, бүгінгі ұрпаққа ұсынсақ, алашшыл азаматтың соңында қалған сөздеріне халқының бір қайырылғаны болар еді деп ойлаймыз. Оңтүстік Қазақстанның қиыр түкпірінде отырған Созақ ауданының сол уақыттағы «Социалды шаруа» газетінің қалыптасуына жүрдек те жүйрік қаламының күшімен, қуатты шығармашылық әлеуетімен елеулі үлес қосқан һәм 1935-36 жылдары газеттің редакторы болған Кенжеғали Абдуллин туралы алғашқы мақаламызды сараптай келе, осынау ұлт арысының жақсы есімінің Созақ жұртына қайта оралуы мен шығармаларының өз үйіріне қосылу сапары да ұзақ, ұлағатты болсын деген тілегімізді қоса жолдағымыз келеді. Мақаласын керегімізше пайдалануға тура келген мақала авторы Серікғали Байменше ағамызға да үлкен рахмет айтамыз. Мақалада бар деректерді, фото суреттерді қоса алғанда осы «Кедейдің Кенжеғалиы» мақаласынан алынғанын тағы да оқырман қауымның қаперіне іле кеткенді жөн көрдік.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
«Созақ үні» газетінің бас редакторы.



Суретте: 1921 жылы Орынборда «Еңбекшіл қазақ» газетінің қызметкерлері Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Таутан Арыстанбеков, Нәзипа Құлжанова, Молдағали Жолдыбаев, Аманғали Сегізбаевтармен бірге редколлегия мүшесі Кенжеғали Абдуллин (сол жақтан екінші тұрған).

1919 жылдары Алашорда сапында болғанын білдіреді. Ақтөбе облыстық мұрағатынан алынған отызыншы жылдардағы кейбір құжаттарда Кенжеғали Абдуллин «алашордашыл», «халық жауы» деп көрсетіліпті. Қалай дегенде де, А.Мартыненконың жинақтаған жазбасы дұрыс болсын, бұрыс болсын, Кенжеғали есімінің кеңестік заманда көрінбеуінің сыры осы дерекпен тікелей байланысты жатқанын жоққа шығара алмаймыз.

Мұны Кенжеғалидың бірінші биографы жазушы Ғалым Ахмедов жазбалары толық қуаттайды. «Алашорда в документах» деген кітапта,-дейді ол, екі арада Кенжеғали жүрді деген, архивте оның аты жоқ, бірақ бұрын мұғалім болған, өлең кітаптары шыққан Кенжеғали 1937 жылы осы отқа күйді».

Кеңес заманындағы жұрт қорқатын құжатта («Алашорда») «некий Кенжеғали Габдуллин» деп аталған соң, Кенжеғалидың өз ата тегін «Абдоллаұлы», «Абдуллин» деп өзгертуі әбден мүмкін нәрсе. Ал «Абдолланың» «Абдолла», «Абдолданың» «Абдолда» болып өзгеруі қолданысымызда жиі кездесетін жәйіт. «Ғайсаның» «Айсаға», «Ғұмардың» «Омарға», «Ғалиханнның» «Әлиханға», «Ғабдірәсіннің» «Әбдірәсінге» айналуы сияқты үрдіс, бұл тіліміз үшін аса жат құбылыс емес. Сайып келгенде, Кенжеғали Ғабдуллиннің-Кенжеғали Ғабдуллиннің-Кенжеғали Абдолданың-Кенжеғали Абдолда-

мен бірге, 1925-1926 жылдары Ақтөбеде ұйымдастырылған педагогикалық техникумның алғашқы ұстаздарының бірі болған. Осы педтехникумда білім алып шыққан көптеген адамдардың естелігінде өздерін оқытқан ұстаздар қатарында Кенжеғали Абдуллиннің де есімі аталады. 1925 жылы еңбек жолын жалғастырған Ақтөбедегі «Кедей» газеті-оның қаламгерлік таланты, әсіресе журналистік қарымы, баспасөздегі ұйымдастырушылық қабілеті ерекше байқалған басылым. «Егемен Қазақстан» газетінің тарихына байланысты құжаттарда 1921 жылы Орынборда «Еңбекшіл қазақ» газетінің бірінші редколлегия мүшесі ретінде (Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Таутан Арыстанбеков, Нәзипа Құлжанова, Молдағали Жолдыбаев, Аманғали Сегізбаевтармен бірге) түскен Кенжеғалидың да суреті жарияланған Профессор Е.Смайловтың еңбегінде де Сәкен Сейфуллиннің кезінде Кенжеғалиды газет жұмысына тартқаны айтылады. Мұның бәрі оның жиырма-сыныншы жылдардың бас кезінде Орынборда Қазақтың ағарту институтында, «Еңбекшіл қазақ» газетінде жұмыс істегеніне дәйек бола алады. 1928 жылы Ақтөбе губерниядан дербес округке айналды, 1930 жылы округтер ажырап, ауданға бөлінді. Кенжеғалидың газеттегі жауапты редакторлығы да осы бөлініске орай 30-жылдың бас кезінде аяқталады. Кенжеғали Абдуллин отызыншы жылдары

рын, ал 1933 жылы газеттің бірнеше нөмірлеріне уақытша жауапты редактор, редактордың орынбасары ретінде қол қойғанын көруге болады.

Әрине «алашордашыл» деген қоңырауы бар Кенжеғалидың отыз жетінің от-жалынынан шет қалуы мүмкін емес еді. Кенжеғалиды 1937 жылғы 22 желтоқсанда ұстайды. Бұл кезде ол Алматы облысы аумағында, бір деректе-Алматы қаласында тұрған екен. Осы өңірдегі қызметі, әсіресе өмірінің соңғы кездері әлі де жұмбақтау, тереңірек зерттеуді талап етеді. Алайда оның тұтқындығы тағдыры тез шешілген, ұсталғаннан кейін бір апта ішінде Алматы облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштік бірден «Халық жауы» деп танып, 1937 жылғы 29 желтоқсанда ату жазасына кескен.

Кенжеғали «Халық жауы» деген қара жамылғыдан осыдан 22 жыл бұрын ғана «құтылды». КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығына сәйкес Алматы облыстық прокуратурасы 1989 жылғы 11 сәуірде Кенжеғали Абдулинді толық ақтады.

Жинақтай келгенде, ақын Әбділда Тәжібаев айтқандай, «қазақ әдебиетіндегі қасиетті орындары атаусыз тұрғандардың» бірі, біздің ойымызша-осы Кенжеғали ақын болса керек. «Егемен Қазақстан» газетінің тұңғыш санының жарық көргеніне 80 жыл толуына байланысты шыққан басылымның ар-

Абайдың шығармашылығында дін мен ғылымның орны ерекше. Ол қазақ халқының рухани өмірінің ең маңызды мәселелерін терең ойластырып, өз ой-пікірлерін шығармаларына арқау етті. Абай үшін дін мен ғылым – екі бөлек, бірақ өзара тығыз байланысты ғымдар. Абайдың дін туралы ойлары мен ғылымға деген көзқарасын қарастыра отырып, біз оның рухани, адамгершілік және танымдық құндылықтарын түсінуге мүмкіндік аламыз.

Абай түсінігіндегі дін мен ғылым

Абайдың дін туралы түсінігі Абайдың дін туралы ойлары өте терең және күрделі. Ол дінді адам өміріндегі маңызды құндылық ретінде қарастырды, бірақ оның діни фанатизм мен соқыр сенімге негізделген жағдайын сынға алды. Абайдың діні – бұл ең алдымен адамгершілікке, әділеттілікке, адалдыққа шақыратын дін. Ол мұсылмандықты дұрыс түсінуді, оның мәнін жан-жақты ұғынуды талап етті. Абай үшін дін тек жоралғылар мен рәсімдерден тұрмайды, ол адамның ішкі әлемі мен рухани тазалығымен байланысты.

Абайдың «Дін–ғылымның бастауы» деген көзқарасы бар. Оның айтуынша, адам өздігінен ойланып, білімін арттырғанда ғана діннің терең мәнін ұға алады. Осыған орай, Абай шығармаларында көбіне адамдардың дінді дұрыс түсінбеуі, өздерінің сенімдеріне негізсіз сенулері сынға алынады. Ол білімді адамды, ғылымды жоғары бағалайды және оны адамзаттың дамуының негізі ретінде көреді.

Абай және ғылым
Абайдың ғылыми көзқарастары оның шығармаларында айқын көрініс табады. Ол заманының ғылыми же-

тістіктері мен батыс философиясын терең зерделеп, өз замандастарына білімнің маңыздылығын жеткізуге тырысты. Абай «толық адам» болудың негізі–білім мен ғылымда деп санайды. Адам тек діни біліммен ғана емес, сонымен бірге ғылыми біліммен де қарулануы керек. Ғылым мен білімге деген мұндай көзқарас оның қазақ қоғамына арналған ой-пікірлерінде жиі көрініс табады.

Абай өз шығармаларында ғылым мен білімнің адамды жетілдіретін,

оның ақыл-ойын, рухани деңгейін арттыратын күш екенін ерекше атап өтеді. «Ғылымды оқы, үйрен» деп жазған Абай, адамдардың тек біліммен ғана емес, ғылым мен терең оймен өмірін дұрыс бағытта қалыптастыру керектігін баса айтқан. Сонымен қатар, ол қазақ халқын өзге халықтардың мәдениеті мен ғылымын зерттеп, солардан үлгі алуға шақырады.

Дін мен ғылымның байланысы
Абай үшін дін мен ғылым–бір-бірімен үйлесім табатын екі күш. Ол дін мен ғылымды бір-біріне қарсы қойып, олардың арасына даулар туғырған жоқ. Ол ғылымның адамзатқа берген мол мүмкіндіктерін құрметтеп, оны жоғары бағалайды. Бірақ, Абайдың пікірінше, ғылым мен білім тек адамзаттың материалдық жағдайын жақсартуға ғана емес, оның рухани және моральдық дамуына да әсер етуі керек.

Абай дін мен ғылымның өзара байланысын мынадай түрде түсіндіреді: дін адамның ішкі дүниесін тазартатын, оны жақсылыққа жетелейтін болса, ғылым –сыртқы әлемді тануға, оны түсінуге көмектеседі. Осылайша,

дін мен ғылым бір-бірін толықтыратын ғымдар ретінде көрініс табады.

Дін мен ғылым арасындағы байланыс мәселесі тарихтың әр түрлі кезеңдерінде өзекті болып келді. Кейбір ойшылдар мен ғалымдар ғылымды дінге қарсы қойып, оларды бір-біріне қарама-қарсы нәрселер ретінде қарастырды. Алайда, Абай Құнанбайұлы бұл екі ғымды бір-біріне қарсы қоймай, оларды адамның жан-жақты дамуындағы қажеттіліктер деп есептеген. Оның ойынша, ғылым адамның

ақыл-ойын жетілдіріп, әлемнің заңдылықтарын түсінуге көмектессе, дін адамның жүрегін тазалап, рухани кемелденуге бағыттайды. Абайдың философиясы бойынша, бұл екеуі адамның толыққанды дамуы үшін бірге әрекет етуі қажет.

Қорытынды
Абайдың дін мен ғылымға деген көзқарастары өзара үйлесімді, бірақ терең ойластырылған. Ол адамды ғылым мен білім арқылы жетілуге, әлемді дұрыс түсінуге шақырады. Діннің мәнін де терең зерттеп, оның тек формасы мен рәсімдерінен емес, ішкі мазмұнынан іздеуді ұсынады. Абайдың шығармашылығында дін мен ғылымның өзара үндестігі–адамзаттың рухани және интеллектуалдық дамуының басты кепілі ретінде бағаланады. Бұл пікірлер бүгінде де өз мәнін жойған жоқ және қоғамның рухани жаңғыруы мен білімге деген көзқарасын жаңғыртуға септігін тигізеді.

Д.ЗИЯБЕК,
Түркістан облысы діні істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ теолог маманы.

Діннің интернет арқылы жастарға әсер етуі

Ақпарат алу құралдары дамыған заманда күн сайын ғаламтор пайдаланушылар саны артып, тіпті интернет әр отбасының күнделікті тұрмыс пен жұмыстың айнаымас құралына айналды. Интернеттің қолжетімділігі соншалықты, тіпті кез келген азамат шалғай ауылда отырып-ақ, қай жерде не болып жатқаны туралы ғаламтор арқылы толық ақпараттар алады. Танымал әлеуметтік желілер қолжетімді қызмет түріне айналды. Ең бастысы қолыңда мобильді құрал мен интернет желісі аумағында болсаң болды. Бұрынғыдай телевизордан жаңалық қарап, кітап, газет оқып мәлімет іздейтіндердің қарасы азайды. Әрине, қоғамның саяси, әлеуметтік, діни тағы басқа ақпараттарды ғаламтордан іздеуіне интернеттің тәулік бойы жұмыс істейтіндігі, мәліметтердің жылдам әрі оңай табылатындығы, артық уақыт пен қаржылай шығынды қажет етпейтіндігі себеп болуда.

«Таяқтың екі ұшы болады» демекші, жастар ғаламторға қатты сенім артып, барлық ақпараттарды интернет кеңістігінен таба алатынына күмән келтірмей, үлкен қатерлерге соқтығады. Расын айту керек, интернет–қоғамның ажырамас бөлігіне айналған сайын жастарымыздың басым көпшілігі теріс діни ағымның жетегіне кету қауіпі үстінде тұр. Бұл аса өзекті мәселе.Экстремистік және террористік ұйымдар ғаламторды өз мақсаттарында пайдалануды үйренген. Деструктивті діни ағымдардың жастарды арбау әрекеттері осы ғаламтор ресурстары арқылы, соның ішінде әлеуметтік желілерде жүзеге асырылуда. Олар әлеуметтік желі қолданушылардың әлі қалыптасып үлгермеген санасына тез ықпал ету үшін қолданады. Яғни, олардың негізгі нысанасы әлеуметтік жағдайы мен дүниеге деген көзқарасы толық қалыптаспаған жастар екендігі айқын.

Елімізде жүргізілген социологиялық

статистикаға сүйенсек жастардың 70%-ға жуығы өздерінің алғашқы діни сауаттарын әлеуметтік желі арқылы алатыны анықталған. Деструктивті діни ағымның жетегіне кететіндердің басым көпшілігіне осы әлеуметтік желі тікелей әсер етіп отыр. Яғни, заманауи электрондық бағдарламалық қосымшалар, жаһандық ақпараттық коммуникациялық желілерін пайдалана отырып, ақпараттық-психологиялық әсер ету арқылы қоғам санасына әсер етуде.

Жат діни ағым өкілдерінің бұрынғыдай көшеде алдыңнан шығып, үй мен үй аралап парақшаларын тықпалайтын әдеттерін баяғыда қойған. Бүгінгі таңда жат діни ұйымдардың негізгі қызмет алаңы– интернет. Деструктивті ағымдар түрлі әдебиеттер мен ақпараттық материалдарды ғаламтор арқылы тарату үстінде. Экстремистік және террористік ұйымдар жеке веб-сайттарын құрумен қатар порталдардағы, әлеуметтік желілердегі парақшаларда да жұмыс жүргізіп келеді. Жалпы ғаламтор діни білім алудың емес, байланыс құру, хабар алысу, амандасу құралына көбірек ұқсайды.

Мамандардың айтуынша, ДАИШ халықаралық террористік ұйымының жақтаушылары әлеуметтік желілерден 2 миллионға жуық вебсайт, аккаунт ашыпты. Бұл олардың өздеріне қолшоқпар болатын ізбасарларын қай жақтан іздеу керектігін анық білгендігінің белгісі. Бүгінгі Таяу Шығыста орын алып жатқан жағдайлар соның айқын айғағы. Біздің елімізде де жат діни ағымның жетегінде кеткендердің 88 пайызына әлеуметтік желі мен интернет видеоресурстары әсер еткенін мамандар айтып келеді. Лаңкестік әрекеттерімен танылған ДАИШ халықаралық террористік ұйымы әлеуметтік медиа және ғаламтордың технологиялық қосымшаларын пайдалану арқылы өзге елдерден келген содырлармен қатарын кө-

бейтті. Әлем бойынша оларға қосылушылардың 80%-дан астамы ғаламтор арқылы арбалғандар. Осындай нәзік мәселелерді жастарымыз әрдайым есте сақтаса деген ниет.

Қазақстан–көпұлтты және көпконфессиялы мемлекет. Еліміздегі қоғамдық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз етуде діннің алатын орны қашанда ерекше. Бүгінгідей алмағайып заманда экстремистік және террористік ұйымдардың халыққа ақпарат арқылы әсер етуді кеңінен қолдануы олардың қызметінің ажырамас бөлігіне айналды десекте болады. Кез келген деструктивті діни ағым өкілдері өздерінің идеологиясын белсенді түрде насихаттауға, жаңа мүшелерді өз қатарларына тартуға, өз жақтастарын теориялық және практикалық тұрғыдан оқытуға және де өздеріне қарсы шыққан желі қолданушыларына қарсы ақпараттық күрес жүргізуге бағытталады. Сондықтан әлеуметтік желілер арқылы таралып отырған кез-келген діни ақпарат көздеріне қырағалықпен қарау қажет. Кез келген ақпаратты тексермеген жағдайда оқыған ақпаратты немесе тасымалдаған материал үлкен қасірет алып келуі мүмкін. Сондықтан да дінге қатысты ақпараттарды Қазақстанда тіркелген діни ұйымдардың мекемелерінен немесе олардың ресми сайттарынан алған дұрыс. Әлеуметтік желідегі шетелдік парақшаларға тіркелу, ондағы мәліметтерді өз достарына тарату заң алдында жауапкершілікке алып келу мүмкін. Сондықтан жасөспірімдер діннің сыртқы формасына ғана емес, ішкі мәніне, құрылысына сыни көзбен мән беруі керек.

А.ДҮЙСЕН,
Түркістан облысының діні істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің бөлім маманы.

Жастар арасында рухани құндылықтарды түсіндіру

«Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты, Қыран құстай қанатты, Мен жастарға сенемін»,–деп М.Жұмабаев бекер айтпаған. Алайда, қазіргі таңдағы жастарымыздың бойында мұндай қасиеттер байқалмайды. Ата-анасы жарық дүниеге таза пәк күйінде келтірді. Жүсіп Баласағұн: «Сүтпен біткен мінез, сүйекпен кетеді»,– деп нақты айтқан. Сондықтан да жастарымыздың бойына рухани құндылықтарды сіңіру әрбір ата-ананың негізгі міндеті. Әлемнің екінші ұстазы болған Әл-Фараби бабамыз «Адамға ең бірінші-білім емес, тәрбие берілуі керек. Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас-жауы. Ал келешекте оның барлық өмірін апат етеді»-деп тайға таңба басқандай қылып айтып кеткен. «Адамгершілікке тәрбиелеу құралы-еңбек пен ата-ана үлгісі»-деп Ы.Алтынсарин атамыз айтқандай, құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру баланың туғанынан басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал, үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың»-деп бекер айтылмаған. Сондықтан, баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады.

Бүгінгі таңда бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдері жастардың бағыт-бағдары мен ұмтылысын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Ол жастардың құндылық бағдарына ықпал ету арқылы өмір мәнін құрайтын қарапайым тұрмыстық мәдениет қалыптастырады. Адам рухының өмірді түсінуге бағытталған жаратылыстық ұмтылысы ақылсыздық, мағынасыздық, зорлық-зомбылық пен өлімді насихаттайтын бұқаралық ақпарат құралдарының саясаты арқылы жойылады. Теледидар, ұялы байланыс жас бүлдіршіндеріміздің мінез-құлқын өзгертіп, экран әлемі заңдарымен өмір сүруге үйретуде.

Қорыта айтқанда, жастық шақ– бұл өмірде өз орнын табу ізденісінің және өз ішкі дүниесін қалыптастырудың кезеңі. Бұл кезеңде олардың рухани дүниетанымын дұрыс қалыптастыру қоғамның дамуына әсер етеді. Жастардың рухани дүниетанымының даму деңгейі қоғамның табысты дамуының кепілі. Қорыта айтқанда, жастық шақ – бұл өмірде өз орнын табу ізденісінің және өз ішкі дүниесін қалыптастырудың кезеңі. Бұл кезеңде олардың рухани дүниетанымын дұрыс қалыптастыру қоғамның дамуына әсер етеді. Жастардың рухани дүниетанымының даму деңгейі қоғамның табысты дамуының кепілі. Қайыңның қырық бұтағы болады. Алайда, сол қырық бұтақтың ішіндегі біреуі ғана пайдаға асар түзу таяқ болады, ал қалғандары жәй ғана сап-таяқ пен қисық таяқ болады». Мұнымен не айтқым келді, әрбір еліміздің жас жеткіншектері қисық, қиғаш ғұмыр кешпей, түзу әрі берік болып жетілуі, болашаққа нық қадаммен бекінуі керек. Тәуелсіз елдің жастары еліміздің ертеңі екенін білсе, демек тарихшы, жазушы, қазақтың ауыз әдебиетін зерттеушісі ғалым М.Мағауин атамыз айтқандай «ұлттық сананы жаңғыртып, ұлттық идеологияны қалыптастыруымыз», зейінімізді арттырып, топ ішінен дараландырымыз, озық шапқан «XXI ғасыр Құлагері» атануымыз ақиқат.

Қ.САЛЫҚБАЕВ,
Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және үйлестіру бөлімінің басшысы.

Хабарландыру

ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесі Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарының орындалуын бақылау мақсатында, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі №15 мекен жайында 2025 жылдың тамыз айының 1 жұлдызында «Ашық есік күні» ететіндігі туралы хабарлаймыз.

А.КУЛМЕНОВ,
Зертхана меңгерушісі.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексінің мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарының орындалуын бақылау мақсатында, ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесі 8 (725-46)-4-26-74 сенім телефоны арқылы жеке және заңды тұлға өкілдерінің хабарламалары қабылданады.

Созақ аудандық бөлімшесінің «Сенім телефонына»түскен барлық хабарламалар тіркеледі және жауаптар беріледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әрбір азаматтың міндеті

Қазақтың ұлы ақыны–Абай Құнанбайұлы қоғамдағы жемқорлық жайын назардан тыс қалдырмаған тұлғалардың бірі. Жемқорлықпен күрестегі бейқамдық пен әрекетсіздік халық наразылығын тудырушы маңызды факторлар болып табылады. Сонымен, сыбайлас жемқорлық қоғамға тек зиянын тигізіп қана қоймай, қоғамға мүлде пайда әкелмейтінін естен шығармағанымыз абзал. Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес әлемнің әр түрлі деңгейде жүргізіліп отыр. Жемқорлықпен күресте әр мемлекеттің қолданатын әдіс-тәсілдері ерекше болып келеді.

Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алған уақыттан бастап сыбайлас жемқорлық қылмыстарына қатысты қатаң мемлекеттік саясат қалыптасты. Еліміз ТМД мемлекеттерінің арасында бірінші болып 1998 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» арнайы заңын қабылдады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда.Халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Президент Жол-

дауында: «Заңды бұзған екенсің, оның баптарына сәйкес жауапқа тартыласың» дейтін нақты ереже бар.

Халқымызда «Дүние–байлық неге керек, денсаулығың болмаса; төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шынында да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз.

А.КУЛМЕНОВ,
ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО»
ШЖҚ РМК ТО бойынша
филиалы Созақ аудандық бөлімшесінің зертхана меңгерушісі.

Орманды алқапта өрт қауіпсіздігін сақтайық!

Өрттің қауіпті маусымының басталуына байланысты орман қорықшылары орналасқан ауыл тұрғындары арасында жиналыс өткізеді. Ол жиында ауыл тұрғындарына өрттің зияны мен қауіпсіздігін сақтау туралы; отты тек қана арнайы жерде жағуға, пайдаланғаннан кейін сумен немесе топырақпен сөндіру қажеттігі туралы және т.б. қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу, сөндірілмеген темекі тұқылын

тастауға; кішкентай балаларға күкірт беруге; бөтелке сынықтарын тастауға қатаң тыйым салынатындығы жайлы ескертулерді түсіндірілгенін айтты. Сондай-ақ, өртті болдырмау үшін тыйым салынатын бірқатар іс-әрекеттер туралы да жиналыс барысында кеңінен айтылыпты. Тау бөктерінде отырған малшыларымызға осы өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы да қағаз жүзінде ескертулер берілгенін атап өткеніміз орынды бо-

лар.

Біздер орман шаруашылығы қызметкерлері аудан көлеміндегі мемлекеттік орман қорын өрттен, табиғат заңдылықтарын бұзудан қорғап, оны халық игілігіне тиімді пайдалануды негізгі міндетіміз деп білеміз.

Бахтияр КУНЕКБАЕВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі КММ-нің орман күзет-қорықшысы.

Орманды өрттен қорғайық!

Орман өрттері әр-түрлі себептерден болады. Олардың басым көпшілігі–сөндірілген от, тұтанған темекі қалдықтары мен шырпы, құрғақ шөпті жағу болып табылады. Жаз мезгілінің басы мен орта кезі орман үшін өте қауіпті мезгіл, ыстық та аңыздық, соңы қатты желге айналған. Жыл өткен сайын өрттен келетін зиян ұлғайып барады. Өрт қауіпті мерзімде мемлекеттік орман қоры аумағында жас қылқан жапырақты орман отырғызылған жерде, бұрын болған өрт орындарында, бүлінген орман учаскелерінде, жарылған ағаш қалдықтары мен дайындалған ағаш отындары бар орман ішіндегі ағаш кесетін жерде, кеуіп қалған шөпті өсімдіктер орындарында, сондай-ақ ағаштардың ұшар басы маңында от жағуға тыйым салынады. Мемлекеттік орман қоры жерлерінде және жасыл отырғызуларымен тікелей іргелесіп жатқан учаскелерде құрғақ шөпті, тал-шыбықтарды, бұталарды орман алаңында, орман ішіндегі ашық жерлерде, шалғында, жайылымда, орылған егістің орнында жағуға тыйым салынады.

М.ШЕШЕНҚАРАЕВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі КММ-нің орман шебері.

Тылсым табиғат тынысы

Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі–таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тіршіліктің қайнар көзі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді.

Өскен ТОҚТАРҰЛЫ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі КММ-нің орман күзет-қорықшысы.

Табиғатты аялау әрбір адамның парызы

Орманда өрт шығу себептерін сараптағанда, көбінесе тұрғындардың, орманда демалушы азаматтардың кінәсінен болатыны тұжырымдалған. Сондықтан өрт қауіпсіздігінің ережелерін үйрету үшін үгіт-насихат жұмыстарын тек өрт сөндіру қызметкерлері ғана емес, олармен қатар қоғамдық мекемелер де жүргізуі тиіс. Орман шаруашылығының жұмысында өрт қауіпсіздігі өте маңызды орынды алады. Әр орман шаруашылығы орманды өрттен қорғау жоспарын жасайды. Схемада көлік жолдары, тұрғын үй пункттері, кардондар, өзен, көлдер, орман шару-

ашылығының кеңселері, өрт бақылайтын тұрғылар, хабар қабылдайтын пункттері, өрт шығы қауіпі бар объектілер белгіленеді. Өрт қауіпсіздігі құрлығының жоспарында орманды бақылау қызметін ұйымдастыру, өрт сөндіру-бақылау құрылғыларын салу, телефон байланысының жүйесін жаңартып тұру, радиобайланыс ұйымдастыру сынды қызметтер белгіленеді.

Орманға барар жолдарда, демалатын жерлерде, орман жұмыстары жүріп жатқан жерлерде түрлі-түсті плакаттар, хабарламалар арқылы өртке қарсы тұру көркені насихаттың да

маңызы зор. Дер кезінде, сапалы жүргізілген өрт қауіпсіздігінің шаралары орман сияқты халық байлығын өрттен аман сақтап қалуға ықпалын тигізеді. Табиғатқа шығып, таза ауада демалушы аудан тұрғындарына айтарымыз, қоршаған ортаны қорғау ережелерін қатаң сақтағандарыңыз абзал. Себебі, табиғат адамзаттың басты байлығы болып табылады!

Т.ТӘЖІБЕКОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі КММ-нің орман күзет-қорықшысы.

Жемқорлыққа жол жоқ!

Сыбайлас жемқорлық– мемлекеттік құрылымдардың экономика аясында қылмысты құрылымдармен біте қайнасуы, сондай-ақ мемлекеттегі лауазымды адамдардың, қоғамдық және саяси қайраткерлердің сатылғыштығы, парақорлығы.

Баршамызға белгілі, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті» -деп көзделген. Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез-келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады. Жастардың алған білімдері оларды өмірде туындаған кез келген жемқорлық атаулымен кездестірмейтіндігіне сенгіміз келеді.

Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы!

Елдің болашағы – жас ұрпақтың қолында!

Мұрагер БИХАН,
Қарақұр ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман заңгері.

БЖЗҚ
“Ашық есік күні”
ӨТТІ

2025 жылғы 11 маусымда “БЖЗҚ” АҚ-ның (БЖЗҚ, Қор) барлық филиалдарында “Сіздің зейнетақы жүйесіндегі құқықтарыңыз: алаяқтардың құрбаны болмау жолдары” тақырыбында дәстүрлі “Ашық есік күні” өткізілді.


Соңғы уақытта алаяқтар халықты алдаудың жаңа дауы тәсілдерін ойлап табуда. Олар әлемнің кез келген елінде болуы мүмкін және телефон нөмірлерін көбіне INTERNET желісінен табады. Мысалы, тегін хабарландыру сайттары арқылы әлеуметтік желілердегі аты мен әлеуметтік жағдайын әртүрлі мессенджерлер мен қызметтер арқылы біліп алады. Осылайша олар өз құрбандарын адастырып, сенімдеріне кіруге тырысады. Өзіңізді және жақындарыңызды осындай алаяқтардан қорғау үшін зейнетақы жинақтары саласындағы қаржылық-құқықтық сауаттылық, алаяқтық схемалардан қорғану тәсілдері туралы білім деңгейіңізді

үнемі арттырып отыру қажет.

Алаяқтардан қорғану тақырыбына арналған онлайн-кездесуде Қор мамандары зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған қауіпсіздік шаралары туралы егжей-тегжейлі баяндап, ақпаратты ресми көздерден немесе тікелей Қордан алудың нәтижесінде маңызды екенін, қызмет көрсету бойынша заңды ұсыныстарды алаяқтық схемалардан қалай ажыратуға болатынын, ақылы кеңес беру қызметтерін ұсынатын бөгде адамдардан қандай қауіптер туындауы мүмкін екенін түсіндіреді. Кездесу қонақтарына азаматтарға қатысты жасалған кейбір заңсыз алаяқтық әрекеттер мысал ретінде келтіріліп, осындай жағдайларда қандай іс-қимылдар жасау керек екендігі жөнінде ұсыныстар берілді.

Сондай-ақ, БЖЗҚ қызметкерлері кездесуге қатысушыларды Қордан берілетін зейнетақы төлемдерін алу тәртібі, оларды ресімдеу шарттары мен тәсілдері, enpf.kz сайтындағы төлемдерді ресімдеу тәртібі туралы ақпаратты қалай табуға болатындығы туралы хабардар етті.

«Созақ үні»-ақпарат.



Интернат наны

Шерхан Мұртаза – қазақ әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі. Оның шығармаларының арасында қоғамдағы әлеуметтік мәселелер мен адамның ішкі әлеміне үңілетін терең философиялық толғаныстар ерекше орын алады. «Интернат наны» – автордың сол кезеңдегі қазақ балаларының тағдыры мен тәрмысын суреттейтін көркем шығармасы. Шерхан Мұртаза бұл шығармасында 1960-1970 жылдардағы балалар үйіндегі қиын жағдайды, мұндай мекемелердегі тәрбиеленушілердің өмірін, олардың болашаққа деген үмітін, қиындықтарға төтеп беруін бейнелейді.

«Интернат наны» – балалар үйіндегі балалардың тағдыры мен олардың арасындағы қарым-қатынасты ашатын туынды. Шерхан Мұртаза бұл шығармасын бала кезіндегі қиындықтар мен қайшылықтарды, балалар үйінде өткізген кезеңдерін еске түсіре отырып жазған болуы мүмкін. Автордың шығармасындағы басты кейіпкерлер – интерната тәрбиеленетін балалар, олардың өмірі мен сол ортадағы қатынастар. Шығармада интернаттағы балалардың шынайы бейнесі, олардың күнделікті тіршілігі, өмір сүру жағдайы суреттеледі.

Шерхан Мұртазаөзінің «Интернат наны» шығармасында әлеуметтік әділетсіздік мәселесіне ерекше назар аударады. Бұл шығармада тек балалар үйіндегі баланың тағдыры ғана емес, жалпы қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктер мен кедейлік мәселелері көрініс табады. Автор балалардың бейкуә болғанына қарамастан, олардың басынан кешкен қиындықтар мен зұлымдықтарды аша отырып, қоғамдағы өзекті мәселелерді көркем тілмен жеткізеді.

Шығарманың негізгі идеясы – адамгершілік,

мейірімділік, достық және ар-намыс. Интернаттағы балалар бір-біріне қол ұшын беріп, қиын жағдайларда көмектеседі, бір-бірінің қайғысына ортақтасады. Бұл шығарма арқылы автор балалардың тек физикалық ғана емес, эмоционалдық және рухани дамуында да қиындықтарға тап болатынын көрсетеді.

«Интернат наны» шығармасында бірнеше негізгі кейіпкерлер бар. Олардың әрқайсысы өз іс-әрекеттерімен, мінез-құлқымен оқырманға әсер етеді. Интернаттың басты кейіпкері – тағдырдың тәлкегімен балалар үйінде өскен жас бала. Бұл бала өмірдің ащы шындығына ерте қадам басады, бірақ қиындықтарға қарсы тұру үшін өзінің ішкі күшін табады.

Шерхан Мұртаза кейіпкерлерінің бейнелері арқылы балалық шақтың нәзіктігін, сондай-ақ өмірдің қиын кезеңдерінде адамның қалыптасатын рухани күші мен ізгілік қасиеттерін көрсетеді. Ол адамның өмір сүруге деген қызығарлығын, сонымен қатар қоғамның азғындаған жағын сынай өтеді.

Шерхан Мұртазаның «Интернат наны» шығармасы әлеуметтік мәні зор туынды болып табылады. Әдебиет арқылы қоғамдағы ең қиын әлеуметтік мәселелерді, әсіресе балалар үйінің өмірін көрсете отырып, автор адамзаттың адами қасиеттері мен моральдық қанықтарына назар аудартады. Бұл шығарма арқылы Мұртаза қазақ қоғамында балалар үйіне қатысты қордаланған мәселелерді көтеріп, сол кезеңдегі бала тәрбиесі мен әлеуметтік көмекті дамыту қажеттігін айтады.

«Интернат наны» – бұл тек балалар үйінде тәрбиеленген балалардың өмірін ғана емес, қоғамның көлеңкелі тұстарын да көрсетуге бағытталған маңызды шығарма. Шерхан Мұртаза өз туындысында

адамгершілік пен мейірімділік, қиындыққа төзімділік пен шыдамдылықтың маңызын айқындай отырып, оқырмандарға терең ой салады. Бұл шығарма әрқашан өзектілігін жоғалтпайтын, қоғамның шынайы бейнесін ашатын әдебиет туындысы болып қала бермек.

Әңгімеде соғыс жылдарынан кейінгі интернат өмірі суреттеледі. Басты кейіпкер – интернаттағы оқушылар және Әлтай. Әтай – басы дәу, үрпек шаш, мойны қылдырықтай, шүңірек көз, томпақ ауыз, нанға тоймайтын қара бала болып сипатталған. Ол тамақ жегенді жақсы көреді. Бірақ соғыстан кейінгі өмір де жеңіл емес болды. Интернат балалары аз ғана тамақтанады. Ауылдан апалары тамақ алып келісімен болысып қалатыны қалады. Бірақ, ол тамақты да жей алмады, ол да туындыда айқын көрініс табады.

Қаншама жылдар өтті. Балалар интернатты аяқтады. Барлығы да қазірде белді де құрметті тұлғаларға айналды. Олардың барлығы интернаттағы кезеңдерді ешқашан ұмытпайды. Олар жетістігіне себепші болған сол бір тілім интернаттың қара наны деп біледі.

Мен әңгімені толық жазып шықпадым. Тек өз түсінгенімді, ойға түйгенімді, алған әсерімді көрсеткім келді. Әңгіме желісі өте қызық. Толық оқып шығыңыздар, еш өкініштіңізге сенімдімін.

Тағы бір айтарым. Сол кезеңдегі интернат балалары аңсаған нанның қадірін біз түсініп жатырмыз ба? Олар күні – түні нанды аңсады, нанды құрметтеді. Ал қазір ше? Ата – анам маған кішкентай кезімнен бастап нанды киелі деп түсіндірді. Нан қоқымын бастауды, жерге тастамауды үйреткен болатын.

Айтарым бұрын кіші кезімізде алғаш мектепке барған кезде мұғалім жаттатқызғаны әлі есімде мынадай өлең жолдарын:

Нан қиқымын шашпан-дар,

Жерде жатса баспандар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастандар.

Әрине қазақ халқы, асыл дінімізде болсын қашанда-сырапшылдыққа жол берілмеген. Біздің кіші кезімізден нанды, адам азықтанатын кез-келген азық-түлікті ысырап қылма деп үйретеді. Бір өкініштісі қазіргі кезде жастарымыз ғана емес үлкен ақыл тоқтатқан кісілеріміздің өзі ысырапшылдыққа жол беріп жатқаны өкінішті жағдай. Қолда бар алтынның қадірі жоқ деген осы болар бәлкім. Кім білсін?...

Еркебұлан ДАЙРАБАЙ,
Аудандық орталық кітапхананың библиографы.

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

РУХАНИ ОРДА

Созақ ауданының орталығы Шолаққорған ауылында орналасқан Созақ аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі басты мәдени-білім орталығы. Ол 1943 жылы құрылған және 23 кітапханадан тұратын жүйеге басшылық етеді. Оның 1 орталық, 1 балалар кітапханасы және 21 ауылдық бөлімшесі бар. Мемлекеттік тіркеу мәліметтеріне сәйкес, кітапхана жүйесі 2005 жылы ресми құрылған КММ ретінде тіркелген. Бүгінгі таңда аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтың ықпал, бастамасымен аудан орталығында рухани орда,

қалған екен...» – деп өзінің ризашылығын білдірген.

Сонымен қатар, айта кету керек бүлдіршіндерге, балаларға арналған әлем әдебиетінің барлық томдары мен энциклопедиялық, ғылыми кітап түрлері бар.

Оқырман және қызмет демографиясы:

2016 жылы 182,944 оқырман құжаттар алған, кітап берілім мазмұны 394,569 құраған.

Жастар белсенділігі жоғары: кей оқырмандар аптасына 2–3 рет келетінін айтады. Сонымен қатар техниканың дамуы жағдайында электронды қызметтер мен виртуалды насихат баста-



кітапхананың екі қабатты жаңа құрылысы бой көтеруде. Жаңа ғимарат 2026 жылдың бірінші жарты жылдығында ел игілігіне беріледі деп күтілуде.

Қор және коллекция:

Кітапхана қоры шамамен 385–435 мың данадан тұрады, оның ішінде 8 500ге жуық құнды, сирек кітаптар бар. Әр жыл сайын кітап қорын 6 0009 000 жаңа кітап толықтыруда.

«Қолтаңбалар» альбомында елге белгілі тұлғалардың мысалы, Асанәлі Әшімов, Қадыр Мырза Әлі, Дулат Исабеков, Мархабат Байғұт және т.б.-ізгі лебіздері сақталған.

Мерзімді басылымдар мен мерзімділік-соңғы 32 жыл бойына түрлі газеттердің мұрағаттық даналары сақталған: «Егемен Қазақстан», «Оңтүстік Қазақстан», «Жас Алаш», «Жас толқын», «Созақ үні» және т.б. көптеген республикалық, облыстық басылымдар.

Танымал жазушы Шерхан Мұртаза кітапхананы «Астана мен Алматы кітапханаларына үлгі» деп бағалаған.

Қадыр Мырза Әлі: «...кітапхана адам ақылына сыймайтын аса қиын кезде өзінің байлығын сақтап

малары жұмыс істеп жатыр.

Кітапханалар жүйесінің 80 жылдығына арналған «Рухани ордаға 80 жыл!» атты ұлықтау салтанаты өткен. Аудан әкімі мен зиялы қауым қатысқан мерекелік шара үлкен резонанс тудырды. Жергілікті әкімдікпен басталған «Ашық әкімдіктегі ашық кітапхана» жобасы жүзеге асуда.

Жеңілдетілген электрон мүмкіндік енгізу жоспарында, яғни оқырмандар іздегенді оңай табу үшін виртуалды насихаттау жүйесі қолға алынуда.

Қорыта келгенде, бұл кітапхана–Созақ ауданының рухани орталығы: көп жүрекжарды пікірлер, сирек кітаптар мен қоғам қайраткерлерінің лебіздері көзі.

Қоры, танымалдығы және белсенді жобалары арқылы өңірлік мәдениет пен білімді қолдауда маңызды рөл атқарады.

Заманауи цифрлық форматқа бейімделу арқылы оқырмандарға қолжетімділік деңгейін арттыру басты назарда.

Нұржамал МАЙУСОВА,
Созақ аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі директоры.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан Бакытжанович

Бас редактор:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:

Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріші-
Багила АЗЫБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3300 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев